Құралдың энергияға тәуелді емес жадысы бар. Электр қуатын уақытша ажыратқан кезде бағдарлама жұмысының кезінде немесе стартты шегеру режимі кезінде, оның жадысында барлық ағымдағы баптаулар, сондай-ақ соңғы құрал арқылы белгіленген қыздыру элементінің температурасының мәні сақталады.

### Тағамды әзірлеу кезінде электр қуатын ажырату кезінде:

Егер электр қуатын жаңарту кезінде қыздыру элементінің температурасы соңғы белгіленгеннен ерекшеленбесе, құрал тағамның әзірленуін жалғастыратын болады. Дисплейде стандартты индикация бейнеленеді.

Егер қыздыру элементінің температурасы 5°C пайыздан астамға төмендесе, тағамды әзірлеу бағдарламасының жұмысы уақытша тоқтатылады (әзірлеу уақыты мен таңдалған бағдарламаның индикаторлары жарқылдайды). Келесі 30 минуттың ішінде құрал әр минут сайын бір дыбыстық дабылдан беретін болады. Осы уақыт өткеннен кейін құрал қуа режиміне ауысады. Дисплейде «Отмена/Разогрев» батырмасы басылмағанға дейін, индикаторы жарқылдай береді.

Әзірлеуді жалғастыру үшін «Старт» батырмасын басыңыз.

Бағдарламаны толықтай тоқтату үшін «Отмена/Разогрев» батырмасын басыңыз.

### Старттың уақытын шегеру уақытында электр қуатын ажырату кезінде:

Электр қуатын жаңартқаннан кейін дисплейде стандартты индикация бейнеленеді.

Старттың уақытын шегеру есебі жалғастырады. индикаторы бағдарлама қосылғанға дейін жарқылдайды. Стартты шегеруді болдырмау үшін «Отмена/Разогрев» батырмасын басыңыз.



**HAZAP АУДАРЫҢЫЗ!** *Стартты шегеру немесе бағдарлама жұмысын керу есептеуді жаңарту кезінде құрал электр қуатын ажырату ұзақтығын есепке алмайды.*

### Дыбыстық белгілерді қосу және сөндіру

Дыбыстық белгілерді сөндіру үшін күту режимінде «OK» бастырмасын басып, бірнеше секунд ұстап тұрыңыз. Дисплейде «S On» жазуы жанады. Джойстикті сағат көрсеткішіне қарсы бұрған кезде дисплейдегі жазу «S Off»-қа ауысады. Дыбыстық белгілер сөнеді, ал басқару тақтасында индикаторы пайда болады. Дыбыс дабылдарын қосу үшін джойстикті сағат көрсеткішімен бұру керек. Енгізілген өзгертулерді растау үшін «OK» батырмасын басыңыз. Енгізілген өзгертулерді сақтамастан күту режиміне ауысуы үшін «Отмена/Разогрев» батырмасын басыңыз.

### Әзірлеу уақытын белгілеу

REDMOND SkyKitchen RMK-CB391S мультикайтқышында әрбір бағдарлама үшін әзірлеу уақытын өз бетінше белгілеуге болады, бұл «ЖКСПЕСС» бағдарламасына ғана қатысты емес. Өзгерту кадамдары және белгіленетін уақыттың мүмкін ауқымы таңдалған әзірлеу бағдарламасына тәуелді болады.

1. Әзірлеу уақытын белгілеу үшін автоматты бағдарламаны таңдағаннан кейін «Время/Отсрочка» батырмасын басыңыз. Дисплейдегі сағат мәні индикаторы және ☺ индикаторы жыпылықтай бастайды.
2. Джойстикті бұрау арқылы уақыттың қажетті шамасын белгілеңіз. Енгізілген өзгерістерді растау үшін «OK» батырмасын басыңыз, минут мәні индикаторы жыпылықтай бастайды.
3. Джойстикті бұрау арқылы қажетті минут мәнін белгілеңіз. Сағат мәндерін қайта өзгерту үшін «OK» батырмасын басыңыз.
4. Енгізілген өзгерістерді растау басқару тақтасындағы батырмаларды 5 секунд бойы баспаңыз, өзгертулер автоматты түрде сақталады. Енгізілген өзгерістерді сақтамастан күту режиміне ауысу үшін «Отмена/Разогрев» батырмасын басыңыз.

Сағат пен минут мәндерін өзгерту бір-бірінен тәуелсіз жүзеге асады. Максималды (минималды) ауқымға жеткенге орнату ауқымның басынан басталады.

**i** Кейбір автоматты бағдарламаларда уақыт санағы тек құрал белгіленген жұмыс температурасына жеткеннен кейін ғана басталады. Мысалы, егер суық су құйып, «ПАР» бағдарламасында әзірлеу уақытын 5 минут деп белгілесек, онда бағдарламаны іске қосу және белгіленген уақыттың кері санағы тек су қайнағаннан кейін және тостағанда тығыз бу түзілгеннен ғана басталады. «МАКАРОНЫ» бағдарламасында белгіленген әзірлеу уақыты санағы су қайнағаннан кейін және «Старт» батырмасын қайталап басқаннан кейін басталады.

### Бағдарламаның басталуын кейінге қалдыру

«Бастауды кейінге қалдыру» қызметі аяқталғаннан кейін әзірлеу бағдарламасының орындалуы басталатын уақыт аралығын белгілеуге мүмкіндік береді. Бастауды кейінге қалдырудың максималды уақыты 24 сағат.

Стартты кейінге шегеру режимінде дисплейде функция жұмысының кері минут сайынғы есебі көрінеді. Белгіленген тағам әзірлеу уақытын көру үшін «Время/Отсрочка» батырмасын басу керек.

1. Бастауды кейінге қалдыру уақытын белгілеу үшін автоматты әзірлеу бағдарламасын таңдағаннан кейін «Время/Отсрочка» батырмасын екі рет басыңыз. Дисплейдегі сағат мәні индикаторы және индикаторы ☺ жыпылықтай бастайды.
2. Джойстикті бұрай отырып сағаттың қажетті шамасын белгілеуге болады. Өзгерту қадамы – 1 сағат. Енгізілген өзгерістерді растау үшін «OK» батырмасын басыңыз, минут мәні индикаторы жыпылықтай бастайды.
3. Джойстикті бұрай отырып минуттың қажетті мәнін белгілеңіз. Өзгерту қадамы – 1 минут. Сағат мәнін қайталап өзгерту үшін «OK» батырмасын басыңыз.

Сағат және минут мәндерінің артыуы бір-бірінен тәуелсіз жүзеге асырылады. Ауқымның максималды (минималды) мәніне жеткенде белгілеу ауқымның басынан басталы. Енгізілген өзгертулерді сақтаусыз баптауларды үзу үшін «Отмена/Разогрев» батырмасын басыңыз.

**i** Бастауды кейінге қалдыру қызметі «ЖАРҚА», «МАКАРОНЫ», «СОУС», «ФРИТЮР» және «ЭКСПРЕСС» бағдарламаларында қол жетімсіз болады.

Рецептте жылдам бүлінетін өнімдер (жұмыртқа, сүт, ет, ірімшік және т. б.) пайдаланылатын жағдайда «Отсрочка старта» қызметін пайдалану ұсынылмайды.

### Дайын тағамдар температурасын сақтау (автоқыздыру)

Аталмыш қызмет әзірлеу бағдарламасы уақыты аяқталғаннан кейін автоматты түрде бірден қосылады және дайын тағам температурасын 70-75°C аралығында 12 сағат бойы сақтай алады. Автоқыздыру жұмыс жасап тұрғанда «Отмена/Разогрев» батырмасының жарығы жанады, дисплейде жұмыс индикаторы және қызмет қалпы, аталмыш режимдегі жұмыс уақытының тікелей санағы көрінеді.

Қызмет жұмысын аяқтау үшін «Отмена/Разогрев» батырмасын басыңыз және ұстап тұрыңыз. Құрал күту режиміне ауысады.

**i** Автоқыздыру қызметі «ЙОГУРТ/ТЕСТО», «ЧИЗКЕЙК», «МАКАРОНЫ», «СОУС», «ФРИТЮР» және «ЭКСПРЕСС» бағдарламаларын пайдаланғанда қол жетімсіз болады.

### Автоқыздыруды алдын ала сөндіру

Бағдарламаның жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін автоқыздыруды қосу үнемі қажетті бола бермейді. Осыны ескере отырып, REDMOND SkyKitchen RMK-CB391S мультиқайнатқышында аталмыш қызметті әзірлеу бағдарламасын іске қосқанға дейін немесе одан кейін алдын ала сөндіру мүмкіндігі қарастырылған. Бұл үшін баптау немесе әзірлеу бағдарламасының немесе «Бастауды кейінге қалдыру» қызметінің жұмысы барысында «Старт» батырмасын басыңыз. ☺ индикаторы сөнеді, автоқыздыру қызметі өшеді. Автоқыздыруды қайта қосу үшін «Старт» батырмасын қайта басыңыз (☺ индикаторы жанады).

### Тағамды жылыту

REDMOND SkyKitchen RMK-CB391S мультиқайнатқышын салқын тағамдарды жылыту үшін де пайдалануға болады. Бұл үшін:

1. Тағамдарды тостағанға салып, оны мультиқайнатқышқа орнатыңыз.
2. Қақпағын жауып, құралды электр желісіне қосыңыз.
3. «Отмена/Разогрев» батырмасын басыңыз, дыбыстық белгі беріледі. Дисплейде сәйкес индикатор және батырма жарығы жанады. Таймер жылыту уақытын есептеуді бастайды.

Құрал тағамды 70-75°C дейін жылытады және оны ыстық қалпында 12 сағатқа дейін сақтайды. Қжет болған жағдайда жылытуды «Отмена/Разогрев» батырмасын басып батырмасын басу және ұстап тоқтатуға болады. Дыбыстық белгі беріледі, дисплейдегі сәйкес индикаторлар мен батырма жарығы сөнеді.

**i** Автоқыздыру және жылыту қызметтерінің арқасында мультиқайнатқыш тағамды 12 сағатқа дейін ыстық қалпында сақтай алады, алайда ыстық қалпындағы тағамды 2-3 сағаттан артық уақытқа қалдырмауды ұсынамыз, себебі ол тағамның дәмінің өзгеруіне алып келеді.

### «Радио» қызметі

Аталмыш қызмет құрал жұмысының кез келген режимінде радио тыңдауға және жадыда іздеу мен ойнату қолайлы болуы үшін 9 радиостанцияға дейін сақтауға мүмкіндік береді.

1. Аталмыш қызметті қосы үшін кез келген режимде «Радио» батырмасын басыңыз. Дисплейде соңғы қосылған радиостанция номері, оның мегагерцпен жиілігі (МГц), сонымен қатар, «Радио» қызметі индикаторы көрінеді.
2. Радиостанцияларды баптау джойстикті бұрау арқылы жүзеге асырылады. Өзгерту қадамы – 0,1 МГц.

3. Автоіздеуді қосу үшін «ОК» батырмасын екі рет басыңыз. Жілілік шамасы құрал радиостанцияға бапталғанға дейін арта береді. Автоіздеуді қайта жалғастыру үшін «ОК» батырмасын екі рет басу керек.
4. Дыбыс қаттылығын өзгерту үшін радио жұмысы кезінде ОК» батырмасын басыңыз. Дисплейдегі дыбыс қаттылығы индикаторы жыпылықтай бастайды. Джджостикті бұрай отырып қажетті дыбыс қаттылығын белгілеңіз. Енгізілген өзгерістерді растау үшін «ОК» батырмасын басыңыз немесе басқару тақтасындағы батырмаларды 5 секунд бойы баспаңыз. Өзгертулер автоматты түрде сақталады.
5. Табылған радиостанцияны сақтау үшін «ОК» батырмасын басып үш секунд бойы ұстап тұрыңыз.
6. Таңдалған радиостанциялар арасында ауыстырып қосу үшін «Радио» батырмасын басыңыз.
7. Радионы сөндіру үшін «Радио» батырмасын басып, үш секунд бойы ұстап тұрыңыз.

### «МАСТЕРШЕФ ЛАЙТ» қызметі

«МАСТЕРШЕФ ЛАЙТ» қызметі бағдарламаның жұмысы барысында әзірлеу уақыты мен температурасын өзгертуге мүмкіндік береді. «МАСТЕРШЕФ ЛАЙТ» қызметін пайдаланып температураны 35-180°C аралығында 1°C қадаммен өзгертуге болады. Тапсырылатын уақыттың өзгерту қадамы мен ықтимал диапазоны таңдалған әзірлеу бағдарламасына байланысты.

Сіз «МАСТЕРШЕФ ЛАЙТ» қызметін тек әзірлеу барысында ғана пайдалана аласыз. «Бастауды кейінге қалдыру» қызметінің жұмысы кезінде «МАСТЕРШЕФ ЛАЙТ» қызметі қол жетімді болмайды.

**i** «МАСТЕРШЕФ ЛАЙТ» қызметі «ЭКСПРЕСС» бағдарламасында қол жетімсіз болады.

«МАСТЕРШЕФ ЛАЙТ» қызметі әр түрлі әзірлеу бағдарламаларының үйлесімін пайдалануды қажет ететін күрделі рецептер бойынша тағам әзірлеу барысында әсіресе пайдалы болады (мысалы, голубцы, бефстроган, сорпалар және пасталарды, джемді әр түрлі рецептермен дайындағанда және т. б.)

### Әзірлеу температурасын өзгерту үшін:

Әзірлеу бағдарламасының жұмыс уақытында «Темп.» батырмасын басыңыз. Әзірлеу уақыты индикаторы үнсіз келісім бойынша температура мәнін көрсетеді. Джджостикті бұрай отырып қажетті температураны белгілеңіз. Максималды (минималды) шаманы белгілегеннен кейін орнату ауқымның басынан басталады. Енгізілген өзгерістерді растау үшін «ОК» батырмасын басыңыз немесе басқару тақтасындағы батырмаларды 5 секунд бойы баспаңыз, Өзгертулер автоматты түрде сақталады.

**i** 130°C жоғары әзірлеу температурасын орнату кезінде күйіп кетуден қорғау үшін бағдарламаның максималды жұмыс уақыты 2 сағатпен шектеледі.

### Әзірлеу уақытын өзгерту үшін:

1. Әзірлеу бағдарламасының жұмысы кезінде «Время/Отсрочка» батырмасын басыңыз. Дисплейдегі сағат мәні индикаторы жыпылықтай бастайды.
2. Джджостикті бұрай отырып сағаттың қажетті мәнін белгілеңіз. Өзгерту қадамы – 1 сағат. Енгізілген өзгерістерді растау үшін «ОК» батырмасын басыңыз. Минут мәні индикаторы жыпылықтай бастайды.

3. Джджостикті бұрай отырып, минуттың қажетті мәнін белгілеңіз. Сағат пен минуттың артуы бір-біріне тәуелсіз жүзеге асады. Максималды шамға жеткенде орнату ауқымның басынан басталады. Сағат мәнін қайталап баптау үшін «Ок» батырмасын басыңыз.
4. Енгізілген өзгерістерді сақтамастан күту режиміне ауысу үшін «Отмена/Разогрев» батырмасын басыңыз.

**i** Егер әзірлеу уақыты шамасын 00:00 белгілейтін болса, бағдарлама жұмысы тоқтатылады.

### Автоматты бағдарламаларды қолданған кездегі әрекеттердің жалпы тәртібі

1. Қажетті ингредиенттерді дайындаңыз (өлшеңіз).
2. Құрамдас бөліктерді мультиқайнатқыш тостағанына әзірлеу бағдарламасына сәйкес салыңыз, оны құрал корпусына орнатыңыз. Барлық құрамдас бөліктер, оның ішінде сұйықтықтар да тостағанның ішкі бетіндегі максималды белгіден төмен болуын қадағалаңыз. Тостаған қисаймай дұрыс орналасқанына және қыздыру элементімен жанасатындығына көз жеткізіңіз.
3. Мультиқайнатқыш қақпағын сырт еткізіп жабыңыз. Құралды электр желісіне қосыңыз.
4. Күту режимінен шығу үшін айналмалы джджостиктегі «ОК» батырмасын басыңыз. Қажетті әзірлеу бағдарламасын таңдаңыз, мәзірде орын ауыстыру үшін джджостикті айналдырыңыз. Таңдалған бағдарлама индикаторы жыпылықтай бастайды.
5. Тағам таңдау режиміне ауысу үшін (бағдарламада мүмкіндік болған жағдайда) «Продукт» батырмасын басыңыз. Джджостикті баса отырып, тізімнен дайындалатын тағам түрін таңдаңыз. Сәйкес индикатор жыпылықтап тұратын болады.
6. Егер үнсіз келісім бойынша белгіленген әзірлеу уақыты көңіліңізден шықпайтын болса, аталмыш шаманы өзгерте аласыз.

**i** «МУЛЬТИПОВАР» бағдарламасында Сіз бағдарлама іске қосылғанға дейін қажетті әзірлеу температурасын белгілей аласыз. «Темп.» батырмасын басыңыз, температура мәні индикаторы жыпылықтай бастайды. Температура мәнін арттыру, азайту үшін джджостикті айналдырыңыз.

7. Қажет болған жағдайда кейінге қалдырылған бастау уақытын белгілеңіз.
8. Әзірлеу бағдарламасын іске қосу үшін «Старт» батырмасын басып, бірнеше секунд ұстап тұрыңыз. «Бастау» және «Тоқтату/Жылыту» батырмаларының индикаторлары жанады (егер автоқыздыру қызметі қосылса болса). Қажет болған жағдайда автоқыздыру қызметін алдын ала сөндіруге болады.

**i** Таңдалған бағдарламаға тәуелді әзірлеу уақытының кері есебі «Старт» батырмасын басқаннан кейін немесе тостағандағы қажетті температураға жеткеннен кейін бірден басталады. «МАКАРОНЫ» бағдарламасында кері санақ тостағандағы су қайнағаннан кейін, тағамдарды салғаннан кейін және «Старт» батырмасын қайталап басқаннан кейін басталады.

9. Әзірлеу бағдарламасының аяқталғанын дыбыстық белгі білдіреді. Бұдан әрі таңдалған бағдарламаға немесе ағымдағы баптауларға тәуелді құрал автоқыздыру режиміне («Отмена/Разогрев» батырмасы индикаторы жанады) немесе күту режиміне ауысады.



Енгізілген бағдарламадан бас тарту, әзірлеу немесе автоқыздыру үдерісін тоқтату үшін, «Отмена/Разогрев» батырмасын басып, бірнеше секунд ұстап тұру керек.



Сапалы нәтижеге қол жеткізу үшін REDMOND SkyKitchen RMK-CB391S мультикайнатқышына қоша берілетін аспаздық кітаптағы арнайы осы үлгі үшін шығарылған тағам дайындау рецептерін пайдалануды ұсынамыз. Сәйкес рецептерді [www.redmond.com.ru](http://www.redmond.com.ru) сайтынан таба аласыз.

Егер, сіздің ойыңызша әдеттегі автоматты бағдарламаларды қажетті нәтижелерге қол жеткізе алмасаңыз, «МУЛЬТИПОВАР» әмбебап бағдарламасын пайдаланыңыз. Қолмен баптаудың кеңейтілген ауқымы сіздің аспаздық тәжірибелеріңіз үшін зор мүмкіндіктер ашады.

### «ХОЛОДЕЦ» бағдарламасы

Бағдарлама дiрiлдек және күйiлiп ұйытылған тағамдар дайындауға арналған. Бағдарламадағы әзірлеу уақыты үнсіз келісім бойынша 3 сағатты құрайды. Әзірлеу уақытын 10 минуттан 10 сағатқа дейінгі аралықта 10 минуттық қадаммен орнату мүмкіндігі.

### «ЖАРКА» бағдарламасы

Бағдарлама көкөністерді, етті, балықты және құс етін қуыруға арналған. Қақпағы ашық калпында әзірлеу ұсынылады.

Бағдарламадағы үнсіз келісім бойынша әзірлеу уақыты 18 минут. Әзірлеу уақытын 1 минуттан 2 сағатқа дейінгі аралықта 1 минуттық қадаммен орнату мүмкіндігі. Аталмыш бағдарламада бастауды кейінге қалдыру қызметі қол жетімсіз.



Белгіленген әзірлеу температурасына жеткеннен кейін құрал дыбыстық белгі береді.

Құрамдас бөлiктердiң күйiп кетуiн болдырмау үшін рецепт кәтабындағы нұсқауларды орындап, тоспаған iшiндегi тағамдарды араластрып тұру керек. «ЖАРКА» бағдарламасын қайта пайдаланар алдында құралды толық суыту керек. Тағамдарды қақпағы ашық калыпта қуыру ұсынылады – бұл сыртқы қытырлақ қабықшаға дейiн қуыруға мүмкiндiк бередi.

### «МАКАРОНЫ» бағдарламасы

Бағдарлама пастаның әр алуан түрлерін дайындауға арналған. Ол суды қайнатуды, құрамдас бөлiктердi салуды және әрi қарай әзірлеудi қарастырады. Су қайнаған сәтте және тағамдарды салу қажет болғанда дыбыстық белгі берiледi. Әзірлеу уақытының керi санағы «Старт» батырмасын қайта басқаннан кейiн басталады.

Бағдарламадағы үнсіз келісім бойынша әзірлеу уақыты 8 минут. Әзірлеу уақытын 2 минуттан 1 сағатқа дейінгі аралықта 1 минуттық қадаммен орнату мүмкіндігі. Аталмыш бағдарламада «Автоподогрев» және «Отсрочка старта» қызметтері қол жетімсіз.



Ыстық бумен күйiп қалуды болдырмау үшін қақпақты ашу кезінде құрал үстiне еңкеймеңiз.



Кейбiр тағамдарды әзірлеу кезiнде (мысалы, макарон, түшпара және т. б.) көбiк түзiледi. Оның тоспаған жиегiнен асып төгiлуiнiң алдын алу үшін тағамдарды қайнап тұрған суға салғаннан кейiн бiрнеше минуттан кейiн қақпағын ашу керек.

### «ВЫПЕЧКА» бағдарламасы

Бағдарлама бисквиттер, пісірмелер және ашыған қамырдан тоқаштар пісіруге арналған. Бағдарламадағы үнсіз келісім бойынша әзірлеу уақыты 1 сағат. Әзірлеу уақытын 10 минут-

тан 4 сағатқа дейінгі аралықта 5 минуттық қадаммен орнату мүмкіндігі. Аталмыш бағдарламада автоқыздыру қызметінің максималды жұмыс уақыты 4 сағатпен шектелген.



Бисквиттің дайын болғанын оған ағаш таяқша (тіс тазалағыш) кіргізу арқылы тексеруге болады. Егер суырып алғанда жабысқан қамыр қалдықтары болмаса – бисквит дайын.

Пісірмелер дайындау барысында тағамды автоматты жылыту қызметін сөндіріп қою керек. Дайын тағамды мультикайнатқыштан дайын болғаннан кейін бірден алып шығу керек, керісінше жағдайда ол суланып кетеді. Бұл мүмкін болмаған жағдайда автоқыздыру қосұлы болғанда аз уақытқа мультикайнатқышта қалдыруға болады.

### «ТУШЕНИЕ» бағдарламасы

Бағдарлама етті, көкөністерді, теңіз өнімдерін, құс етін және көп құрамдасты тағамдарды бұқтыруға арналған. Бағдарламадағы үнсіз келісім бойынша әзірлеу уақыты 1 сағат. Әзірлеу уақытын 5 минуттан 12 сағатқа дейінгі аралықта 5 минуттық қадаммен орнату мүмкіндігі.

### «ЙОГУРТ/ТЕСТО» бағдарламасы

«ЙОГУРТ/ТЕСТО» бағдарламасының көмегімен сіз әр түрлі пайдалы және дәмді йогурттарды өз үйіңізде дайындай аласыз. Сонымен қатар, «ЙОГУРТ/ТЕСТО» бағдарламасында сіз көтеруге максималды қолайлы жағдай жасауға болады. Бағдарламадағы үнсіз келісім бойынша әзірлеу уақыты 8 сағат. Әзірлеу уақытын 10 минуттан 12 сағатқа дейінгі аралықта 5 минуттық қадаммен орнату мүмкіндігі. Аталмыш бағдарламада автоқыздыру қызметі қол жетімсіз болады.



Йогурттер дайындау үшін REDMOND RAM-G1 йогуртқа арналған арнайы ыдыстар жинағын пайдалана аласыз (жеке сатып алынады).

### «МУЛЬТИПОВАР» бағдарламасы

Бағдарлама пайдаланушы белгілеген температурасы және уақыт параметрлері бойынша тағам дайындауға арналған. «МУЛЬТИПОВАР» бағдарламасы арқасында REDMOND SkyKitchen RMK-CB391S мультикайнатқышы бір қатар ас үй құралдарын алмастыра алады және сізгеескі аспаздық кәтаптан немесе ғаламтордан табылған қызықты рецепт бойынша кез келген тағамды әзірлеуге мүмкіндік береді. Үнсіз келісім бойынша «МУЛЬТИПОВАР» бағдарламасындағы әзірлеу уақыты 30 минутты құқрайды, әзірлеу температурасы – 100°C. Бағдарламадағы температураны қолмен белгілеу ауқымы 5°C қадаммен 35-180°C құрайды. Уақытты қолмен белгілеу ауқымы – 1 минуттық қадаммен 2 минуттан 15 сағатқа дейін.



Әзірлеу температурасы 80°C болғанда автоқыздыру қызметі тоқтат қол жетімсіз және қолмен қосылуы мүмкін.


Әзірлеу температурасы 130°C жоғары болғанда күйiп кетуден қорғау үшін бағдарламаның жұмыс уақыты 2 сағатпен шектеледі.



«МУЛЬТИПОВАР» бағдарламасында көптеген әр алуан тағам дайындау мүмкін болады. Біздің кәсіби мамандар ұсынған аспаздық кітапты немесе әр түрлі тағамдар мен өнімдер дайындауға арналған ұсынылған температуралардың арнайы кестесін пайдаланыңыз. Сонымен қатар, қажетті рецептерді [www.redmond.com.ru](http://www.redmond.com.ru) сайтынан таба аласыз.

### «ДЕТСКОЕ ПИТАНИЕ» бағдарламасы

REDMOND SkyKitchen RMK-CB391S мультиқайнатқышы өсу мен дамудың әр түрлі кезеңдерінде бала күтімі мен тамақтануына байланысты көптеген мәселелердің шешімін табуға мүмкіндік береді. Бағдарламадағы үнсіз келісім бойынша әзірлеу уақыты 10 минут. Әзірлеу уақытын 10 минуттан 2 сағатқа дейінгі аралықта 5 минуттық қадаммен қолмен орнату мүмкіндігі.


 *Мультиқайнатқышқа қоса берілген аспаздық кітапта сіз балаға тамақтандыруды бастаған сәттен бастап мектепке дейінгі жасқа дейін беруге болатын тағамдардың көптеген рецептерін таба аласыз. Барлық ұсынылған рецептер біздің аспаздар тобында аталмыш үлгі үшін бейімделген және REDMOND SkyKitchen RMK-CB391S мультиқайнатқышының қолданыстағы үлгісінде мұқият тексеруден өткен.*

### «ПЛОВ» бағдарламасы

Бағдарлама палаудың әр алуан түрлерін дайындау үшін арналған. Бағдарламадағы үнсіз келісім бойынша әзірлеу уақыты 35 минут. Әзірлеу уақытын 10 минуттан 2 сағатқа дейінгі аралықта 5 минуттық қадаммен қолмен орнату мүмкіндігі.

### «СУП» бағдарламасы

Бағдарлама әр түрлі ет, балық, көкөніс және басқа да сорпа түрлерін дайындауға арналған. Бағдарламадағы үнсіз келісім бойынша әзірлеу уақыты 1 сағат. Әзірлеу уақытын 5 минуттан 8 сағатқа дейінгі аралықта 5 минуттық қадаммен қолмен орнату мүмкіндігі.

 *Жұмыс параметрлеріне көшер алдында құрал дыбыстық белгі береді. Мультиқайнатқыш қақпағын ашып, сорпаның көбігін алыңыз.*


### «ЧИЗКЕЙК» бағдарламасы

Бағдарлама ірімшікті және сыр қосылған тоқаштардың әр түрлі нұсқаларын дайындау үшін арналған. Бағдарламадағы үнсіз келісім бойынша әзірлеу уақыты 1 сағат. Әзірлеу уақытын 10 минуттан 3 сағатқа дейінгі аралықта 5 минуттық қадаммен қолмен орнату мүмкіндігі. Аталмыш бағдарламада автоқыздыру қызметі қол жетімсіз болады.

### «МОЛОЧНАЯ КАША» бағдарламасы

Бағдарлама майлылығы аз пастерленген сүтті пайдаланып ботқа дайындауға арналған. Бағдарламадағы үнсіз келісім бойынша әзірлеу уақыты 20 минут. Әзірлеу уақытын 2 минуттан 4 сағатқа дейінгі аралықта 1 минуттық қадаммен қолмен орнату мүмкіндігі. Сүттің қайнап кетуін болдырмай, қажетті нәтижеге қол жеткізу үшін әзірлеу алдында келесі әрекеттерді орындау ұсынылады:

- тұтас дәнді жармалардың барлығын су мөлдір болғанша мұқият жуу (күріш, қарақұмық, бидай және т. б.);
- әзірлеу алдында мультиқайнатқы тостағанын сары маймен майлау;
- рецептер кітабының нұсқауларына сәйкес құрамдас бөліктерді өлшеп, қатынасын қатаң сақтау (құрамдас бөліктер мөлшерін қатаң қатынасты арттыру немесе азайту);
- қатамағы алынбаған сүтті пайдаланғанда оны ауыз сумен 1:1 қатынаста араластыру.

 *Сүт пен жармалардың қасиеттері шыққан жері мен өндірушіге тәуелді әр түрлі болуы мүмкін, бұл кейде әзірлеу нәтижелеріне әсер етеді.*

 *Сүтті ботқаны дайындау үшін «МУЛЬТИПОВАР» эмбебап бағдарламасын да пайдалануға болады. Сүтті ботқаны дайындаудың оңтайлы температурасы 95°C.*

### «ХЛЕБ» бағдарламасы

Бағдарлама бидай және қарабидай ұнынан нанның әр алуан түрлерін дайындауға арналған. Бағдарлама қамырды көтеруден бастап пісіруге дейінгі әзірлеудің толық айналымын қамтиды.

Бағдарламадағы үнсіз келісім бойынша әзірлеу уақыты 3 сағат. Әзірлеу уақытын 10 минуттан 6 сағатқа дейінгі аралықта 5 минуттық қадаммен қолмен орнату мүмкіндігі. Аталмыш бағдарламаны пайдаланғанда автоқыздыру қызметінің максималды жұмыс уақыты 3 сағатпен шектеледі.

 *Құрамдас бөліктерді салу барысында олар тостағанның ішкі бетіндегі 1/2 белгісінен төмен болуын қадағалаңыз.*

*Бағдарлама жұмысының алғашқы сағатында қамырдың көтерілуі, одан соң – тікелей пісіру жүзеге асатынын ескеру керек. 1 сағаттан кем әзірлеу уақытын белгілегенде «Старт» батырмасын басқаннан кейін пісіру үдерісі басталады.*

*Ұнды пайдаланар алдында оны оттегімен қанығу және қоспаларын жою үшін елеу керек.*

 *Пісіру уақытын азайту және пісіруді оңайлату үшін нан пісіруге арналған дайын қоспаларды пайдалану ұсынылады.*

*«Бастауды» кейінге қалдыру қызметін пайдалану ұсынылмайды, себебі бұл пісіру сапасына әсер етуі мүмкін. Суланып кетпеуі дайын тағамды мультиқайнатқыштан бірден алып шығу керек. Бұл мүмкін болмаған жағдайда тағамды автоқыздыру қосулы болғанда аз уақытқа қалдыруға болады.*


*Қамырды көтеру кезеңінде мультиқайнатқыш қақпағын ашуға болмайды! Әзірленетін өнім сапасы осыған тәуелді болады.*

*Нан бірқалыпты пісіуі үшін пісіру үдерісінде құрал дыбыстық белгі бергеннен кейін оны аудару керек.*

 *HAZAR АУДАРЫҢЫЗ! Нанды құралдан алып шығу үшін ас үй қолғаптарын пайдаланыңыз.*

### «ПАР» бағдарламасы

Бағдарлама етті, балықты, құс етін, көкөністерді және көп құрамдасты тағамдарды буда пісіруге арналған. Бағдарламадағы үнсіз келісім бойынша әзірлеу уақыты 20 минут. Әзірлеу уақытын 5 минуттан 2 сағатқа дейінгі аралықта 5 минуттық қадаммен қолмен орнату мүмкіндігі.

 *Белгіленген әзірлеу температурасына жеткеннен кейін құрал дыбыстық белгі береді. Аталмыш бағдарламада әзірлеу үшін арнайы контейнер пайдаланыңыз (жинақтамаға енеді).*

1. Тостағанға 600-1000 мл су құйыңыз. Тостағанға буда пісіруге арналған контейнерге орнатыңыз.
2. Рецептке сәйкес тағамдарды өлшеп, дайындаңыз, оларды контейнерге бірқалыпты етіп салыңыз және тостағанды құрал корпусына қойыңыз. Тостағанның қыздыру элементімен тығыз жанасатындығына көз жеткізіңіз.

3. «Автоматты бағдарламаларды пайдаланудағы жалпы әрекеттер тәртібінің» 3-9 тармақтары нұсқауларын орындаңыз.



*Егер сіз аталмыш бағдарламада автоматты уақытты баптауды пайдаланбайтын болсаңыз, «Бұда әр түрлі тағамдарды дайындау үшін ұсынылатын уақыт» кестесін қараңыз.*

### «РИС/КРУПЫ» бағдарламасы

Бағдарлама суға күрші және әр түрлі тұтас дәнді жармаларды дайындау үшін арналған. Бағдарламадағы үнсіз келісім бойынша әзірлеу уақыты 15 минут. Әзірлеу уақытын 5 минуттан 4 сағатқа дейінгі аралықта 1 минуттық қадаммен қолмен орнату мүмкіндігі.

### «ДЕСЕРТЫ» бағдарламасы

Бағдарлама әр түрлі тоқбасарлар дайындауға арналған. Бағдарламадағы үнсіз келісім бойынша әзірлеу уақыты 30 минут. Әзірлеу уақытын 5 минуттан 2 сағатқа дейінгі аралықта 5 минуттық қадаммен қолмен орнату мүмкіндігі.

### «ТОМЛЕНИЕ» бағдарламасы

Бағдарлама етті жұмсарту, пісірілген сүтті дайындауға арналған. Бағдарламадағы үнсіз келісім бойынша әзірлеу уақыты 3 сағат. Әзірлеу уақытын 5 минуттан 12 сағатқа дейінгі аралықта 10 минуттық қадаммен қолмен орнату мүмкіндігі.

### «СОУС» бағдарламасы

Бағдарлама әр түрлі тұздық түрлерін дайындауға арналған. Бағдарламадағы үнсіз келісім бойынша әзірлеу уақыты 30 минут. Әзірлеу уақытын 5 минуттан 5 сағатқа дейінгі аралықта 1 минуттық қадаммен орнату мүмкіндігі. Аталмыш бағдарламада «Автоқыздыру» және «Бастауды кейінге қалдыру» қызметтері қол жетімсіз.

### «ФРИТЮР» бағдарламасы

REDMOND SkyKitchen RMK-CB391S мультикайнатқышында сіз жинақтамаға енетін арнайы себетті пайдалану арқылы шыжғырып дайындай аласыз. Бағдарламадағы үнсіз келісім бойынша әзірлеу уақыты 16 минут. Әзірлеу уақытын 5 минуттан 40 сағатқа дейінгі аралықта 5 минуттық қадаммен қолмен орнату мүмкіндігі.

Аталмыш бағдарламада «Автоқыздыру» және «Бастауды кейінге қалдыру» қызметтері қол жетімсіз. Белгіленген әзірлеу температурасына жеткенде құрал дыбыстық белгі береді.

1. Ыдысқа рецептке сәйкес қуыру үшін қажетті май мөлшерін құйыңыз. Тостағанды құрал корпусына қойыңыз. Ол дұрыс қойылғанына және қыздыру элементімен жанасатындығына көз жеткізіңіз.
2. «Автоматты бағдарламаларды пайдаланудағы жалпы әрекеттер тәртібінің» 3-9 тармақтарын орындаңыз.
3. Тұтқаны қуыруға арналған себетке жалғаңыз. Бұл үшін тұтқа түбін қысып, себеттің арнайы керткіне қойыңыз. Тұтқа қысымын босатыңыз, ол арнайы керткікке жалғанады. Себеттегі тағамдарды бір қалыпты етіп салыңыз.
4. Рецептегі нұсқауларды орындаңыз, белгіленген уақыттан кейін қақпақты ашып, қуыруға арналған себетті тостаған ішіне салыңыз. Қақпақты жабыңыз.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Май өте ыстық! Күйіп қалуды болдырмау үшін ас үй қолғаптарын пайдаланыңыз және құрал үстіне еңкеймеңіз.

5. Әзірлеу бағдарламасының аяқталғаны туралы дыбыстық белгі беріледі. Бұдан кейін құрал күту режиміне ауысады.
6. Қуыруға арналған тағамдары бар себетті тұтқасынан ұстап көтеріңіз және оны себеттегі арнайы ілмек көмегімен тостаған шетіне іліп, майын сорғытыңыз.
7. Тағамды дастарханға әкелер алдында артық майды кетіру үшін тағамды қағаз ормалмен немесе тығыз қағаз майлықпен сорғытыңыз.



*Шыжғырғыш ретінде тек тазартылған өсімдік майын пайдаланыңыз. Майдың ұзақ уақыт және бірнеше мәрте қайнатылуы оның тотығуына алып келеді. Бір майды шыжғырғышта тағам дайындау үшін қайта пайдаланбаңыз.*

### «ВАРКА» бағдарламасы

Бағдарлама етті, балықты, құс етін, балықты, көкөністерді және көпқұрамдасты тағамдарды қайнатуға арналған. Бағдарламадағы үнсіз келісім бойынша әзірлеу уақыты 1 сағат. Әзірлеу уақытын 5 минуттан 8 сағатқа дейінгі аралықта 5 минуттық қадаммен қолмен орнату мүмкіндігі.

### «ЭКСПРЕСС» бағдарламасы

Бағдарлама күрші және басқа сусымалы ботқаларды суда пісіруге арналған. Бағдарлама су толық қайнағаннан кейін автоматты сөнуді қарастырады. Аталмыш бағдарламады «Бастауды кейінге қалдыру» және «Автоқыздыру» қызметтерін және әзірлеу уақытын қолмен баптау мүмкін емес. Күту режимінде әзірлеу бағдарламасын іске қосу үшін «Старт» батырмасын басыңыз.

## III. АСПАП КҮТІМІ

### Жалпы ережелер мен нұсқаулар

- Құралды алғаш пайдаланар алдында, сонымен қатар, мультикайнатқыштағы тағам иістерін жою үшін әзірлеуден кейін «ПАР» бағдарламасында жарты лимонды 15 минут бойы өңдеу ұсынылады.
  - Жабық мультикайнатқыш ішінде дайын тағамы бар немесе суға толтырылған тостағанды 24 сағаттан артық уақытқа қалдыруға болмайды. Дайын тағамы бар тостағанда тоназытқышта сақтап, қажет болған жағдайда тағамды мультикайнатқышта жылыту қызметін пайдалана отырып жылытуға болады.
  - Егер құралды ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, оны электр желісінен ажыратып қою керек. Жұмыс камерасы, қыздыру дискі, тостаған, ішкі қақпақ және бу қақпақшасы таза және құрғақ болуы керек.
  - Құралды тазалауға кіріспес бұрын оның электр желісінен ажыратылып, толық суығанына көз жеткізіңіз. Тазалау үшін жұмсақ мата және ыдыс жууға арналған жұмсақ құралдар пайдаланыңыз.
- ⚠ Құралды тазалау барысында қатты сулықтарды немесе ысқыштарды, абразивті пасталарды пайдалануға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Сонымен қатар, кез келген химиялық немесе басқа да тағаммен жанасатын заттармен бірге пайдалану үшін ұсынылмаған заттарды пайдалануға жол берілмейді.**

**STOP** Құрал корпусын суға батыруға немесе ағынды су астында қалдыруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!

- Мультиқайнатқыштың резина бөліктерін тазалау кезінде мұқият болыңыз: олардың ақаулығы немесе түр өзгертуі құралдың дұрыс жұмыс жасамауына алып келеді.
- Құрал корпусын ластануына орай тазалауға болады. Тостағанды, ішкі қақпақшаны және ажыратылатын бу қақпақшасын құралды әрбір пайдаланғаннан кейін тазалау керек. Тағам әзірлеу барысында мультиқайнатқышта түзілетін конденсатты құрылғыны әр пайдаланғаннан кейін төгіп отыру керек. Жұмыс камерасының ішкі беттерін қажеттілігіне қарай тазалау керек.

### Корпусы тазалау

Құрал корпусын ылғалды ас үй сулығымен немесе ысқышпен тазалаңыз. Жұмсақ тазартқыш құралдарды пайдалануға болады. Су ағып кетуін немесе ажырауды болдырмау үшін корпусының бетін құрғатып сүрту ұсынылады.

### Тостағанды/табаның тазалау

Сіз тостағанда/табана қолмен жұмсақ ысқыш мен ыдыс жууға арналған құралды пайдаланып, сонымен қатар, ыдыс жууға арналған машинада (өндіруші нұсқауларына сәйкес) тазалай аласыз. Қаты ластанған жағдайда тостағанға/табана жылы су құйып, оны қандай да бір уақытқа қойып қойыңыз, осыдан кейін тазалауды жүзеге асырыңыз. Тостағанның/табаның сыртқы бетін мультиқайнатқыш корпусына орналастырар алдында міндетті түрде құрғатып сүртіңіз.

**i** Тостағанды/табаны тұрақты түрде пайдаланғанда оның ішкі күйге қарсы жабынының түсі толық немесе жартылай өзгеруі мүмкін. Ол өз алдына тостағанның/табаның ақаулығы болып табылмайды.

### Ішкі қақпақты тазалау

Мультиасүй қақпағын ашыңыз, қақпақтың ішкі жағынан 2 пластмассалық бекіткішті ортаға қарай бір мезгілде ашылғанша басыңыз. Қақпақты негізгіден бөлінуі үшін өзіңізге қарай және жоғары аздап тартыңыз.

Екі қақпақтың беттерін ылғал матамен сүртіңіз, қажет болғанда оларды ыдыс жуу құралдарын пайдаланып, жуыңыз. Кері бірізділікте жинаңыз (қақпақты жоғарғы қуыстарға салыңыз және негізгі қақпақпен келтіріңіз, қақпақты бекітіп, бекіткіштерді сыртты естілгенше басыңыз).

### Ажыратылатын бу қақпақшасын тазалау

Бу қақпақшасы құрал қақпағының ішкі бетінде арнайы ұяшықта орналасқан. Клапанды шешу үшін ұяшықтан шығарып алыңыз. Клапанды ағын су астында мұқият жуып, артынан қайтадан ұяшыққа салып.

**⚠** НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Клапан резеңкесінің пішін өзгертуінің алдын алу үшін алу, тазарту және орнату кезінде оны айналдырмаңыз және созбаңыз.

### Конденсатты тазалау

Аталмыш үлгіде конденсат тостаған маңындағы құрал корпусының арнайы қуысында жинақталады және құралдың артқы бөлігінде орналасқан арнайы контейнерге ағып кетеді. Қақпақты ашып, тостағанды алып шығыңыз. Қажет болған жағдайда конденсат контейнерге толық ағып кетуі үшін мультиқайнатқыштың алдыңғы бөлігін аздап көтеріңіз. Контейнерді өзіңізге қарай тартып шешіп алыңыз. Конденсатты төгіңіз. Контейнерлі жоғарыда аталған ережелерге сәйкес жуып, орнына қойыңыз. Тостаған айналысындағы қуыста қалған конденсатты ас үй сулығымен тазалаңыз.

### Жұмыс камерасын тазалау

Осы нұсқаулықтың нұсқаулары қатаң ұстанғанда сұйықтық, ас бөліктері немесе қоқыстың аспаптың жұмыс камерасының ішіне түсуі мүмкіндігі аз. Егер қаты ластанса, аспапты қате жұмысынан немесе аспап бузылуынан бас тарту үшін жұмыс камерасының беттерін тазалау керек.

**STOP** Мультиқайнатқыштың жұмыс камерасын тазалаудың алдында аспап электр желісінен ажыратылып, толық суығанына көз жеткізіңіз!

Жұмыс камерасының бүйірлік қабырғаларын, қыздыру дискісі бетін және орталық термоқадаға қабығын (қыздыру дискісінің ортасында орналасқан) ылғал (су емес) губкамен немесе майлықпен тазалауға болады. Егер сіз жуу құралын қолдансаңыз, кейін ас әзірлегенде керексіз иісті болдырмау үшін оның қалдықтарын мұқият кетіру керек.

Бөтен заттар орталық термоқадаға айналасындағы қуысқа түскенде оларды қадаға қабығына баспай, пинцетпен мұқият алып тастаңыз. Қыздыру дискісінің беті кірленгенде ылғал орташа қатты губканы немесе синтетикалық ыскерамикалықты пайдалануға болады.

**i** Аспапты үнемі пайдаланғанда қыздыру дискісінің түсі уақыт өте келе толық немесе жартылай өзгеруі мүмкін. Бұл өзімен өзі құрылғы ақауының белгісі болып табылмайды және оның дұрыс жұмысына әсер етпейді.

### Сақтау және тасымалдау

Сақтау және қайта пайдаланудың алдында құралдың барлық бөліктерін тазалап, түгел құрғатыңыз. Құралды құрғақ желденетін жерде жылыту аспаптарынан алыс және тікелей күн сәулелерден алыс сақтаңыз.

Тасымалдау және сақтау кезінде құралдың зақымдануына және/немесе ораманың бүтіндігіне әкелуі мүмкін құралды механикалық әсерлерге ұшыртуға тыйым салынады. Құралдың орамасын су мен басқа да сұйықтықтардан сақтау қажет.

## IV. СЕРВИС-ОРТАЛЫҚҚА ЖОЛЫҒАР АЛДЫНДА

**i** НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Ready for Sky қосымшасының жұмысында қандай-да бір істен шығу орын алған кезде сервистік орталыққа жүгіну міндетті емес. REDMOND техникалық қолдау қызметіне барыңыз және Ready for Sky жұмысындағы істен шығу және/немесе кателіктерді жою бойынша біздің мамандардан кеңес алыңыз. Сіздің ұсыныстарыңыз бен қосымшаның жұмысы жөніндегі ескертулеріңіз кезекті жаңарту кезінде ескерілетін болады.

Сіздің еліңіздегі REDMOND өнімінің пайдаланушыларын қолдау қызметінің байланыс мәліметтерін [www.redmond.com.tr](http://www.redmond.com.tr) сайтынан қарауға болады. Сізге осы сайттағы кері байланыс нысанын толтыра отырып көмекті алуға болады.

Ақау	Ықтимал себептері	Жою әдісі
Дисплейде келесі қате туралы хабарлама туындады: E1 – E4	Жүйелік қате, басқару платасы немесе қыздыру элементі істен шығуы мүмкін	Аспапты электр желісінен ажыратыңыз және суытыңыз. Қақпағын тығыз жауып, аспапты электр желісіне қайта қосыңыз

Ақау	Ықтимал себептері	Жою әдісі	
Аспап қосылмайды	Электрқоректену бауы аспапқа және (немесе) электр розеткасына қосылмаған	Шешімелі электр бауы аспапқағы тиісті ажырат-керамикалыққа және розеткаға қосылғанына көз жеткізіңіз	
	Электр розеткасы ақаулы	Аспапты жөн розеткаға қосыңыз	
	Электр розеткасында ток жоқ	Электр желісінде кернеу барын тексеріңіз. Егер ол жоқ болса, үйіңізге қызмет көрсететін ұйымға жолығыңыз	
Тағам өте ұзақ әзірленеді	Электр желісінде қоректену жаңылысы (тоқ кернеуінің деңгейі тұрақсыз немесе нормасынан төмен)	Электр желісінде тоқтың тұрақты кернеуін тексеріңіз. Егер ол тұрақсыз немесе нормасынан төмен болса, үйіңізге қызмет көрсететін ұйымға жолығыңыз	
	Таба мен қыздыру элементі арасына бөтен зат немесе бөлшектер түсті (қоқыс, жарма, ас кесектері)	Аспапты электр желісінен ажыратыңыз, суытыңыз. Бөтен затты немесе бөлшектерді алып тастаңыз	
	Таба мультипісіргіш корпусына қисық орнатылған	Табаны қисайтпай тегіс орнатыңыз	
	Қыздыру дискісі қатты кірлеген	Аспапты электр желісінен ажыратыңыз, суытыңыз. Қыздыру дискісін тазалаңыз	
Әзірлеу кезінде аспаптың қақпағы астынан бу шығады	Таба мен мультипісіргіштің ішкі қақпағы қосылысының санылаусыздығы бузылған	Таба аспап корпусына қисайтып орнатылған	Таба ы қисайтпай, тегіс қойыңыз
		Қақпақ тығыз жабылмаған немесе қақпақтың астына бөтен зат түсті	Қақпақ пен аспап корпусы арасында бөтен зат (қоқыс, жарма, ас кесектері) жоқтығын тексеріңіз, оларды алып тастаңыз. Мультипісіргіш қақпағын ылы сыртыл естілгенше жабыңыз
		Ішкі қақпақтағы тығыздауыш резина қатты кірлеген, майысқан немесе зақымданған	Аспаптың ішкі қақпағындағы тығыздауыш резина жағдайын тексеріңіз. Оны ауыстыру керек болуы мүмкін
Синхронизациялау әрекеті сәтсіз болды	Ұялы құрылғыда Bluetooth функциясы өшіп тұр	Ұялы құрылғыда Bluetooth функциясын қосыңыз	
	Ұялы құрылғыда Ready for Sky қолданбасы белсенді емес	Ұялы құрылғыда Ready for Sky қолданбасын ашыңыз	
	Синхронизацияланатын құрылғылар тым алыс	Құрылғылардың бір бірінен 15 метр шеңінде тұрғанына көз жеткізіңіз	



Егер қателікті дұрыстай алмасаңыз, авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз.

## V. КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Осы бұйымға сатып алынған сәттен 2 жыл мерзіміне кепілдік беріледі. Өндіруші кепілдік кезеңі ішінде жөндеу, бөлшектерді ауыстыру немесе бүкіл бұйымды ауыстыру жолымен материалдар немесе жинау сапасының жетіспеушілігінен туындаған кез келген зауыттық ақауларды жоюға міндеттенеді. Кепілдік тек сатып алу күні түпнұсқалық кепілдік талонында дүкен мөрімен және сатушы қолымен расталған жағдайда ғана күшіне енеді. Осы кепілдік тек бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес қолданылған, жөндемеген, бұзылмаған және онымен дұрыс жұмыс істеу нәтижесінде зақымданбаған, сонымен қатар бұйымның толық жинағы сақталған жағдайда танылады. Осы кепілдік бұйымның табиғи тозуына және шығын материалдарына таралмайды (сүзгілер, шамдар, қыш және тефлондық тығыздауыштар және т. б.), сонымен қатар аккумуляторлық қоректену көздеріне және қоректену батареяларына таралмайды.

Бұйымның қызмет мерзімі мен оған кепілдікті міндеттемелердің қолданыс мерзімі бұйым сатылған немесе өндірілген кезден есептеледі (егер сату күнін анықтау мүмкін болмаса). Аспап өндірілген күнді бұйым корпусының сәйкестендіру жапсырмасындағы сериялық нөмірден табуға болады. Сериялық нөмір 13 белгіден тұрады. 6-шы және 7-ші белгілер айды, 8-ші – құрылғының шығарылған жылын білдіреді.

Өндіруші бекіткен аспаптың қызмет ету мерзімі бұйымның пайдаланылуы осы нұсқаулық пен қолданылатын техникалық стандарттарға сәйкес жүруі жағдайында сатып алынған күнінен 5 жыл құрайды.

*Орамды, пайдаланушы нұсқаулығын, сонымен қатар аспаптың өзін қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті бағдарламаға сәйкес пайдаға асыру керек. Қоршаған ортаға қамқорлық білдіріңіз: мұндай бұйымдарды әдеттегі тұрмыстық қоқыспен тастамаңыз.*



# EAC

Производитель: «Пауэр Пойнт Инк. Лимитед» №1202 Хай Юн Гэ (В1) Лин Хай Шан Чжуан Сямейлин Футьян, Шеньжень, Китай, 518049. По лицензии REDMOND Индастриал Груп, ЛЛСи Уан Коммерс Плаза, 99 Вашингтон-авеню, сьют 805А, Олбани, Нью-Йорк, 12210, Соединенные Штаты Америки.

Импортер: ООО «АЛЬФА», 198099, г. Санкт-Петербург, ул. Промышленная, д. 38, корп. 2, литера А.

© REDMOND. Все права защищены. 2017

Воспроизведение, передача, распространение, перевод или другая переработка данного документа или любой его части без предварительного письменного разрешения правообладателя запрещены.

Produced by Redmond Industrial Group LLC  
One Commerce Plaza, 99 Washington Ave, Ste. 805A,  
Albany, New York, 12210, United States  
[www.redmond.company](http://www.redmond.company)  
[www.multivarka.pro](http://www.multivarka.pro)  
[www.store.redmond.company](http://www.store.redmond.company)  
[www.smartredmond.com](http://www.smartredmond.com)  
Made in China

RMK-CB391S-CIS-UM-3